**Шет ауданы аумағында тұратын 1993 жылы туған азаматтарды 2010 жылғы әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 01 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қаңтарда N 8-17-93 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы N 01 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2010.12.06 N 01* шешімімен.

*Р Қ А О ескертпесі.*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабын іске асыруда, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" N 371 қаулысына сәйкес Шет ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы Нұржан Әбдікешев (келісім-бойынша) және барлық кенттер мен ауылдық округтер әкімдері 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесінде 1993 жылы туған азаматтарды тіркеуге алуды ұйымдастырсын.

2. Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесінде 1993 жылы туған азаматтардың тіркеуден өткізу жөніндегі комиссия құрамы N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. 1993 жылы туған азаматтарды дәрігерлік тексеруден өткізу үшін, маман дәрігерлер мен медбибілердің құрамы N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Шет ауданының кенттер мен ауылдық округтер әкімдеріне азаматтарды тіркеу учаскісіне уақытылы жеткізуді қамтамасыз ету міндеттелсін.

5. Шет ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі "Әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар" бюджеттік бағдарламасы бойынша қарастырылған қаржылар есебінен шақырылғандардың дәрігерлік сараптан өтуіне, автокөлікке, медициналық комиссия құрамына және кеңсе тауарларына

қаржы бөлу жүктелсін.

6. Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы Нұржан Әбдікешев (келісім - бойынша) азаматтардың әскерге шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету шараларын алсын. Тіркеу қорытындысы туралы 2009 жылдың 15 сәуіріне Шет ауданының әкіміне хабарлансын.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шет ауданы әкімінің орынбасары Ю. Беккожинге жүктелсін.

8. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енеді.

*Шет ауданы әкімінің міндетін атқарушы Б. Төлеуқұлов*

КЕЛІСІЛДІ:

*Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы Н. Әбдікешев*

Шет ауданы әкімінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 01 шешіміне N 1 қосымша

**Комиссия құрамы:**

Әбдікешев Нұржан Нәрікбайұлы — Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім - бойынша);

Қасымова Фарида Аманқұлқызы — Шет ауданының ішкі саясат бөлімінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;

**Комиссия мүшелері:**

Баданов Бауыржан Амангелдіұлы — Шет ауданының ішкі істер бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (келісім - бойынша);

Ғабдуллин Сайлау Ибраиұлы — Шет ауданының медициналық бірлестігінің дәрігері–хирург, медициналық комиссиясының төрағасы;

| | |
|---|---|
| Алғожина Зәмзагүль Төлеубайқызы | Шет ауданының денсаулық сақтау бірлестік медбибісі, комиссия хатшысы. |

Шет ауданы әкімінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 01 шешіміне N 2 қосымша

**Дәрігерлер мен медбибілердің құрамы:**

| р/с | Аты - жөні | Қызметі |
|---|---|---|
| 1. | Ғабдуллин Сайлау Ибраиұлы | Хирург – медициналық комиссиясын төрағасы |
| 2. | Абишева Меруерт Дузелкызы | Терапевт |
| 3. | Абилжанова Бақыт Кадырманкызы | Дерматолог |
| 4. | Базылов Амантай Халелұлы | Рентгенолог |
| 5. | Жанабекова Сауле Төлеубайкызы | Отолоринголог |
| 6. | Байдалина Жанар | Стоматолог |
| 7. | Ахметова Бакыт Картайкызы | Медбибі |
| 8. | Игликова Нуржамал | Медбибі |
| 9. | Тлеуберлина Гулбахрам Токишкызы | Медбибі |
| 10. | Омарова Көкен Шарипкызы | Медбибі |
| 11. | Алғожина Замзагуль Төлеубайқызы | Медбибі |
| 12. | Омарбекова Умиткер Каргулқызы | Медбибі |
| 13. | Олжабаева Жанар Кабидолдакызы | Медбибі |
| | Ақадыр аймағы | |
| 1. | Мукушев Кайрат Хамитулы | Отолоринголог, рентгенолог |
| 2. | Танатаров Мырзағуль Жумағулович | Хирург |
| 3. | Кенжебекова Айша Мусақызы | Терапевт |
| 4. | Карашулакова Раушан Амантайқызы | Дерматолог |
| 5. | Аринов Наби Мамайұлы | Стоматолог |
| 6. | Тамабекова Гулнар Сейдрахманқызы | Психиатр |
| 7. | Акишева Раушан Батталқызы | Окулист |
| 8. | Ким Марина | Медбибі |
| 9. | Мукажанова Айдын | Медбибі |
| 10. | Каюпова Рысты | Медбибі |
| 11. | Ахметбекова Лаззат | Медбибі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 12. | Котрашева Айда | Медбибі |
| 13. | Садырбаева Камшат | Медбибі |
| 14. | Тулеуова Нурғайша | Медбибі |

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан